

«Қарашығанак Петролиум
Оперейтинг Б.В.»
компания қызметкерлерінің
жергілікті кәсіподақ
ұйымы» қоғамдық бірлестігі



Общественное объединение
«Локальная профсоюзная
организация работников компании
«Карачаганак Петролиум
Оперейтинг Б.В.»

РА «Local Trade Union of employees of Oil&Gas Company Karachaganak Petroleum Operating B.V.»

090300, Аксай к., өндірістік аймақ, ғ.Жібек,б.216,217/г.Аксай,промзона,зд.Жибек,каб.216,217/Aksai,promzone,Zhibek,of.216,217
Тел/tel.: +7 (71133) 6 2550/ 4920/ 6653. Факс/fax: +7 (71133) 6 6657

№ 23

20» март 20 18 г.

Құрметті әріптестер!

Бұрын хабарлағандай, көктем мерекелерінің қарсаңында КПО б.в. кәсіподақ комитетінің (М.А. Хайруллин) басшылығымен көптеген мәдени-спорттық шаралар өткізілді. Соның бірі – 2018 жылдың 18-ші Наурыз күні шағын футболдан **Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне** арналған КПО қызметкерлерінің арасында Орал қаласында өткізілген турнир. Турнирдің салтанатты бөлігін КПО б.в. кәсіподақ ұйымының төрағасы Хайруллин Марс Амантайұлы, КПО б.в. кәсіподақ комитетінің мүшесі Садықов Қайыржан Сапарұлы, КПО б.в. кәсіподақ ұйымының футбол секторының капитаны Кайргузин Әлжан Әлібекұлы жүргізді. Олар спортшыларды және жанкүйерлерді жылы қарсы алып, мерекемен құттықтап, дәстүрлі түрде жарақатсыз жақсы ойын тіледі.

Турнирге Орал, Атырау, Аксай, Үлкен Шаған қалаларынан біздің компанияның қызметкерлері қатысты. Турнир қызықты әрі қарқынды күреспен өтті. Жартылай финалдың төртеуін қосымша критерийлермен анықтау қажет болды, тек «Жіберілген және өткізілген доптар айырмашылығы» бойынша «КАТС-Атырау-Үлкен Шаған» мықты деген командасы келесі кезеңге іріктелді. Турнирдің финалдық ойындары жоғары тартыста өтті. Әрбір ойын қарқынды күреспен, қосымша пенальти сериясы жасалып отырды. Турнирде «Достар» және «Трудовые ресурсы» командалары жарқын ойын көрсетті. Турнирдің қортындысы:

I орын – «УКПГ-3» командасы

II орын – «Намыс» командасы

III орын – «Курмангазы» командасы (Орал офисі).

Номинациялар бойынша ерекшеленген:

«Үздік қақпашы» - Ерманов Асхат

«Үздік қорғаушы» - Маманов Берик

«Үздік шабуылшы» - Сарсенбаев Ербол

«Үздік ойыншы» - Дусвалиев Таир.

Барлық жүлделі командалар мен үздік ойыншыларға турнирдің бекітілген Ережесіне сәйкес дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Біздің жеңімпаздарымызды және турнирдің үздік ойыншыларын құттықтаймыз!

КПО б.в. кәсіподақ комитеті